

ISSN 2616-6895

ВЕСТНИК
ЕВРАЗИЙСКОГО
НАЦИОНАЛЬНОГО
УНИВЕРСИТЕТА
ИМ. Л.Н. ГУМИЛЕВА

Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ

BULLETIN
of the
L.N. GUMILYOV
EURASIAN NATIONAL
UNIVERSITY

ПЕДАГОГИКА. ПСИХОЛОГИЯ. ӘЛЕУМЕТТАНУ сериясы

Серия ПЕДАГОГИКА. ПСИХОЛОГИЯ. СОЦИОЛОГИЯ

PEDAGOGY. PSYCHOLOGY. SOCIOLOGY Series

1(122)/2018

1995 жылдан бастап шығады

Издается с 1995 года

Founded in 1995

Жылына 4 рет шығады

Выходит 4 раза в год

Published 4 times a year

Астана, 2018

Astana, 2018

Бас редакторы
п.ғ.д., проф.
А.А. Молдажанова (Қазақстан)

Бас редактордың орынбасары (педагогика) **Г.Ж. Менлибекова**, п.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Бас редактордың орынбасары (психология) **А.Р. Ерментәева**, п.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Бас редактордың орынбасары (социология) **Н.О. Байғабылов**, PhD (Қазақстан)

Редакция алқасы

Иванова Г.П.	п.ғ.д. (Ресей)
Исламова З.М.	п.ғ.к., доцент (Ресей)
Кажғалиева А.	докторант (Қазақстан)
Калдыбаева О.В.	PhD (Қазақстан)
Колева И.	Докт. (Болгария)
Сейтқазы П.Б.	п.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Сунарчина М.М.	э.ғ.д., проф. (Ресей)
Толубекова Р.К.	п.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Уразбаева Г.Т.	п.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Хан Н.Н.	п.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Хаяти Тюфекчиоглу	э.ғ.д., проф. (Түркия)
Шайхисламов Р.Б.	э.ғ.д., проф. (Ресей)
Шалынбаева Қ.Қ.	п.ғ.д., проф. (Қазақстан)

Редакцияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Астана қ., Сәтпаев к-сі, 2, 408 б.
Тел.: (7172) 709-500 (ішкі 31432)
E-mail: vest_pedpsysoc@enu.kz

Жауапты хатшы, компьютерде беттеген
Д.С. Байтлесова

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы.
Педагогика. Психология. Әлеуметтану сериясы

Меншіктенуші: ҚР БжҒМ «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» ШЖҚ РМК
Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігімен тіркелген.
27.03.18 ж. № 17001-Ж -тіркеу куәлігі

Мерзімділігі: жылына 4 рет.

Тиражы: 55 дана

Типографияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Астана қ., Қажымұқан к-сі, 13/1, тел.: (7172) 709-500 (ішкі 31432)

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Главный редактор
д.п.н., проф.
А.А. Молдажанова (Казахстан)

Зам. главного редактора (педагогика)

Г.Ж. Менлибекова, д.п.н., проф.
(Казахстан)

Зам. главного редактора (психология)

А.Р. Ерментаева, д.п.н., проф. (Казахстан)

Зам. главного редактора (социология)

Н.О. Байгабылов, PhD (Казахстан)

Редакционная коллегия

Иванова Г.П.

д.п.н. (Россия)

Исламова З.М.

к.п.н., доцент (Россия)

Кажгалиева А.

докторант (Казахстан)

Калдыбаева О.В.

PhD (Казахстан)

Колева И.

Докт. (Болгария)

Сейтказы П.Б.

д.п.н., проф. (Казахстан)

Сунарчина М.М.

д.с.н., проф. (Россия)

Толеубекова Р.К.

д.п.н., проф. (Казахстан)

Уразбаева Г.Т.

д.п.н., проф. (Казахстан)

Хан Н.Н.

д.п.н., проф. (Казахстан)

Хаяти Тюфекчиоглу

д.с.н., проф. (Турция)

Шайхисламов Р.Б.

д.с.н., проф. (Россия)

Шалгынбаева К.К.

д.п.н., проф. (Казахстан)

Адрес редакции: 010008, Казахстан, г. Астана, ул. Сатпаева, 2, каб. 408

Тел.: (7172) 709-500 (вн. 31432)

E-mail: vest_pedpsysoc@enu.kz

Ответственный секретарь, компьютерная верстка

Д.С. Байтлесова

Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н.Гумилева.

Серия: Педагогика. Психология. Социология.

Собственник: РГП на ПХВ «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева» МОН РК

Зарегистрировано Министерством информации и коммуникаций Республики Казахстан. Регистрационный номер 17001-Ж от 27.03.18.

Периодичность: 4 раза в год

Тираж: 55 экземпляров

Адрес типографии: 010008, Казахстан, г. Астана, ул. Кажымукана, 13/1, тел.: (7172)709-500 (вн.31-432)

© Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева

Editor-in-Chief

Doctor of Pedagogical Sciences, Prof.

A.A. Moldazhanova (Kazakhstan)

Deputy Editor-in-Chief (pedagogy)

G.Zh.Menlibekova, Doctor of Pedagogical Sciences,
Prof. (Kazakhstan)

Deputy Editor-in-Chief (psychology)

A.R. Yermentayeva, Doctor of Psychological
Sciences, Prof. (Kazakhstan)

Deputy Editor-in-Chief (sociology)

N.O. Baigabylov, PhD in Sociology (Kazakhstan)

Editorial board

Hayati Tufekcioglu

Doctor of Sociology, Prof. (Turkey)

Islamova Z.M.

Can. of Pedagogical. Sciences,

Assoc.Prof (Russia)

Ivanova G.P.

Doctor of Pedagogical Sciences (Russia)

Kazhgaliyeva A.

Doctoral Candidate (Kazakhstan)

Kaldybayeva O.V.

PhD (Kazakhstan)

Khan N.N.

Doctor of Pedagogical Sciences, Prof.(Kazakhstan)

Koleva I.

Dr. (Bulgaria)

Seytkazy P.B.

Doctor of Pedagogical Sciences, Prof.(Kazakhstan)

Shaikhislamov R.B.

Doctor of Sociology, Prof. (Russia)

Shalgynbayeva K.K.

Doctor of Pedagogical Sciences, Prof.(Kazakhstan)

Sunarchina M.M.

Doctor of Sociology, Prof. (Russia)

Toleubekova R.K.

Doctor of Pedagogical Sciences, prof.(Kazakhstan)

Urazbayeva G.T.

Doctor of Pedagogical Sciences, prof. (Kazakhstan)

Editorial address: 2, Satpayev str., of.408, Astana, Kazakhstan, 010008

Tel.: (7172) 709-500 (ext. 31432)

E-mail: vest_pedpsysoc@enu.kz

Responsible secretary, computer layout:

D.S. Baytlessova

Bulletin of the L.N.Gumilyov Eurasian National University

Pedagogy.Psychology.SociologySeries

Owner: Republican State Enterprise in the capacity of economic conduct «L.N.Gumilyov Eurasian National University» Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan

Registered by the Ministry of Information and Communication of the Republic of Kazakhstan. Registration number 17001-Ж from 27.03.18

Periodicity: 4 times a year

Circulation: 55 copies

Address of printing house: 13/1 Kazhimukan str., Astana, Kazakhstan 010008; tel.: (7172) 709-500 (ext.31-432)

МАЗМҰНЫ

ПЕДАГОГИКА

Абибулаева А.Б., Ниязбекова А.М. Әлеуметтік педагогтарды кәсіби іс-әрекетке бейімдеу мәселелерінің замануи жағдайы.....	11
Абдулова Г. К., Криволапова М. О., Мещанова А. Г. Назарбаев Зияткерлік мектептері оқушыларының сабақтан тыс жобалық жұмысының мәселелері.....	18
Абильдина С.Қ., Копбалина К.Б. Бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік білігін қалыптастыру.....	28
Аканова Р.А., Умбетова Ж.С., Сыздыкова А.М. Студенттердің кәсіби дайындығын қалыптасуындағы оқыту тәжірибесінің рөлі.....	33
Амирова А.С., Агранович Е.Н. Тайм-менеджмент теориясының негізі болашақ педагогтардың оқу әрекетін ұйымдастырудың құралы ретінде.....	38
Аргингазинова Г.Б., Хусаинова Г.А. XIX ғасырдың екінші жартысында - XX ғасырдың басындағы Қазақстан діни мұсылман оқу орындарындағы музыкалық компоненттің сұрақтарын қарастыру.....	44
Байбек А.Қ. Құрманғазы атындағы Қазақ Ұлттық консерваториясындағы «Этносьольфеджио» курсының құрылу тарихы.....	54
Байжуманова Н.С., Нурмаганбетова М.С., Готтинг В.В., Коржумбаева М.Б. Нәтижеге бағытталған педагогикалық мақсаттарды қою технологиясы.....	63
Байменова Б.С., Жубақова С.С. Инклюзивті білім берудің тарихи-педагогикалық негіздері.....	70
Бейсенбаева Б.А., Копжасарова У.И. Үш тілді білім беру жүйесінде тілдік емес мамандықтар бойынша мұғалімдерді лингвистикалық дайындаудың мәні мен мазмұны жайында.....	76
Ботабаева А.Е., ТойккоТ., Уйсимбаев Е.К. Финляндияның әлеуметтік жұмысындағы басым бағыттар.....	85
Галиев Т.Т., Ибраева К.Ж., Бекбаева Ж.С. Сыни ойлау: зерттеудің теориялық аспектілері.....	93
Гатауов Т.Т. Қазақстандығы хореографиялық білім берудің даму тенденциялары.....	98
Гауриева М., Мухашова А.Б. Шетел тілін оқыту процессінде аудиовизуалды материалдарды қолдану.....	103
Длиббетова Г.К., Абенова С.У. Экологиялық еріктілік студенттердің санасын жаңғырту тәсілі ретінде.....	110
Жұбақова С.С., Жусупова М.Ж. Университеттің білім беру ортасының жағдайында толеранттылық сезімін дамыту.....	116
Ибадуллаева С.Ж., Раманова Л.Б., Ауезова Н.С., Жусупова Л.А. Биология мамандығы бойынша білім алушылардың көптілді білім беру ортасына бейімделуі	122
Казимова Д.А., Омаров А.М., Көпбалина С.С., Рақымжан А.А. ЖОО-да студенттік орталықтандырылған оқытуды ұйымдастыру.....	128
Калкеева К.Р., Калимжанова Р.Л. Жаңашыл білім беру аясы шарттарындағы әлеуметтік педагогтың сөйлеу мәдениетінің және ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың даму синхрондылығы.....	136
Карманова Ж.А., Белгібаева Г.Қ., Кеңесбекова С.А. Педагогикалық ортада психологиялық комплекстердің пайда болуы.....	143
Касенов Х.Н. Болашақ педагогтарды этикалық-деонтологиялық дайындауда теориялық мәліметтер.....	149
Кендирбекова Ж.Х., Туякова А.Е. Колледждегі девиантты мінез-құлықты жасөспірімдермен әлеуметтік-педагогикалық жұмыс ерекшеліктері.....	155
Кожиков Ж.Ә., Көшкімбаев Қ.Т. Инженерлік графикадағы геометриялық абстракты ұғымдардың мәні мен мағынасын түсіну.....	160

Копжасарова У.И. , Мустафина А.С. CLIL технологиясы «Халықаралық құқық » мамандандығы студенттерінің шетелдік кәсіби коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру құралы ретінде.....	166
Кудышева А.А., Махадиева А.К. Аутизм: себептері мен шешу жолдары.....	178
Майгельдиева Ш.М. , Паридинова Б.Ж. Педагогика және психология ғылымдарының зерттеу әдістері: мәні, түсінігі және түрлері.....	183
Майлыбаева Г.С. Жаратылыстануды оқытуда бастауыш сынып оқушыларының танымдық қызығушылықтарын қалыптастыру.....	191
Мұқанова Қ.Қ., Алмағамбетова А. А. , Құрманова А.И. Тұлғалық дамуда педагогикалық қарым-қатынастың рөлі.....	196
Рахимжанова Л.Б., Хакимова Т.Х., Спабекова Ж.Х. Мектептегі робототехника элементтерін зерттеу қажеттілігі.....	203
Самуратова Т.К. Білім берудегі жаңа технологияларды қолданудың тиімділігі.....	208
Хан Н.Н., Жампеисова К.К., Колумбаева Ш.Ж. Болашақ маманның бәсекеге қабілеттілігі педагогикалық құбылыс ретінде.....	215
Шкутина Л.А., Мирза Н.В., Санхаева А.Н. Педагогтардың корпоративті құзіреттіліктерін дамыту түрлері мен әдістері	222

ПСИХОЛОГИЯ

Аубакирова Ж.Қ. Студенттік кезеңдегі қарым-қатынасқа психологиялық сипаттама.....	231
Аюпова Г.Т. Жоғары мектеп оқытушыларының кәсіби-тұлғалық типтік сипаттамалары.....	236
Ерментаева А.Р. Профессор Х.Т. Шеръязданованың отандық педагогикалық психологияның дамуына қосқан үлесі.....	242
Карибаева Г.М., Еркен Ә.Е. Студенттердің басқа мемлекеттің әлеуметтік-мәдени ортасына жылдам бейімделуінің алғышарттары.....	247
Каримбаева Б.Ш. «Мен өсіп келемін, бірақ маған кедергі келтіреді» проективті әдістемесін қолдану тәжірибесі.....	254
Қуатова А.С., Урузбаева Г.Т. Некеге әртүрлі деңгейде қанағаттанатын ерлі-зайыптылардың отбасылық өмір туралы әлеуметтік түсініктері.....	262
Салиева А.Ж., Юкутлина А.М. Болашақ педагогтарда когнитивті стильді қалыптастырудың педагогикалық шарттары.....	269

СОЦИОЛОГИЯ

Қурмангожина Г.О. Ақмола облысының тұрақты әлеуметтік-экономикалық даму механизмін бағалау және бағалау.....	276
Сембина Ж.Ж., Салықжанов Р.С. Этникалық стереотиптерді зерттеу ерекшеліктері.....	283
Смағамбет Б.Ж., Тлеспасева А.А. Тарихи-әлеуметтанулық зерттеуде «мәдени жарақат» теориясын қолдану мүмкіндігі.....	289
Б.Ж. Төребеков Қиын өмірлік жағдайлардағы отбасыларға біріктірілген әлеуметтік қызметтерді көрсетудегі ведомстволық өзара көмек.....	296

СОДЕРЖАНИЕ

ПЕДАГОГИКА

Абибулаева А.Б., Ниязбекова А.М. Современное состояние проблемы адаптации социальных педагогов к профессиональной деятельности.....	11
Абдулова Г.К., Криволапова М. О., Мещанова А. Г. Проблемы внеурочной проектной деятельности учащихся НИШ.....	18
Абильдина С.К., Копбалина К.Б. Формирование исследовательских навыков учащихся начальной школы.....	28
Аканова Р.А., Умбетова Ж.С., Сыздыкова А.М. Роль учебной практики в профессиональном становлении студентов.....	33
Амирова А.С., Агранович Е.Н. Теоретические основы тайм-менеджмента как средства организации учебной деятельности будущих педагогов.....	38
Аргингазинова Г.Б., Хусаинова Г.А. К вопросу о музыкальном компоненте обучения в конфессиональных мусульманских учебных заведениях Казахстана во второй половине XIX-начале XX века.....	44
Байбек А.Қ. История создания курса «Этносьольфеджио» для музыкантов народников в Казахской национальной консерватории имени Курмангазы.....	54
Байжуманова Н.С., Нурмаганбетова М.С., Готтинг В.В., Коржумбаева М.Б. Технология постановки педагогических целей, ориентированных на результат.....	63
Байменова Б.С., Жубакова С.С. Историко-педагогические основы инклюзивного образования.....	70
Бейсенбаева Б.А., Копжасарова У.И. О сущности языковой подготовки учителей неязыковых специальностей в условиях трехязычного образования.....	76
Ботабаева А.Е., Тойкко Т., Уйсимбаев Е.К. Приоритетные направления социальной работы в Финляндии.....	85
Галиев Т.Т., Ибраева К.Ж., Бекбаева Ж.С. Критическое мышление: теоретические аспекты исследования.....	93
Гатауов Т.Т. Тенденции развития казахстанского хореографического образования	98
Гауриева М., Мухашова А.Б. Использование аудиовизуальных материалов в процессе обучения иностранному языку.....	103
Длиббетова Г.К., Абенова С.У. Экологиялық еріктілік студенттердің санасын жаңғырту тәсілі ретінде.....	110
Жубакова С.С., Жусупова М.Ж. Развитие толерантного сознания в условиях образовательной среды вуза.....	116
Ибадуллаева С.Ж., Раманова Л.Б., Ауезова Н.С., Жусупова Л.А. Адаптация обучающихся по специальности биология к полиязычной образовательной среде.....	122
Казимова Д.А., Омаров А.М., Көпбалина С.С., Рақымжан А.А. Организация студентоцентрированного обучения в вузе.....	128
Калкеева К.Р.¹, Калимжанова Р.Л.² Синхронность развития речевой культуры социального педагога и информационно-коммуникационных технологий в условиях ноосферного образования.....	136
Карманова Ж.А., Белгібаева Г.Қ., Кеңесбекова С.А. Проявление психологического комплекса в педагогической среде	143
Касенов Х.Н. Теоретические предпосылки этико-деонтологической подготовки будущих педагогов.....	149
Кендирбекова Ж.Х., Туякова А.Е. Особенности работы социального педагога с подростками девиантного поведения в колледже.....	155

References

1. Sher'jazdanova H.T. Psiholog v detskom sadu.[Sheryazdanova H.T. is a psychologist in kindergarten] (Almaty, Rauan, 1997. 56 pages.)
2. Sher'jazdanova H.T. Uchite detej obshheniju. Kniga dlja vospitatelej detskih sadov. – Almaty: Rauan, 1992. – 112 s.[Sheryazdanova H.T. You teach children to communication. The book for tutors of kindergartens. – Almaty: Rauan, 1992. – 112 pages.]
3. Sher'jazdanova H.T., Surkova T.I. Pedagogu o stile obshhenija s det'mi. – Almaty: Rauan, 1997. – 145 s.[Sheryazdanova H.T., Surkova of T.I. Pedagogu about style of communication with children. – Almaty: Rauan, 1997. – 145 pages.]
4. Sher'jazdanova H.T. Psihologija obshhenija v doskol'nom obrazovanii: teorija i praktika. – Almaty: Қазақ университеті, 2015. – 193 s.[Sheryazdanova H.T. Communication psychology in preschool education: theory and practice. – Almaty: Kazakh university i, 2015. – 193 pages.]

Автор жайлы ақпарат:

Ерментаева А.Р. – доктор психологических наук, профессор кафедры педагогики и самопознание Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан.
Ermentayeva A.R. – Doctor of psychology, professor of the chair of pedagogy and self-knowledge L.N. Gumilyov Eurasian national university, Astana, Kazakhstan.

МРНТИ 15.41.21

Г.М. Қарыбаева, Ә.Е. Еркен

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
(E-mail: ¹karibaeva_gm@enu.kz, ²yerkenaigerim@gmail.com)*

Студенттердің басқа мемлекеттің әлеуметтік-мәдени ортасына жылдам бейімделуінің алғышарттары

Аннотация. Студенттердің басқа мемлекеттің әлеуметтік-мәдени ортасына бейімделу мәселесін зерттеу қазіргі заманда жоғарғы білімді дамытудың өзекті және маңызды мүмкіндіктерінен көрінеді. Бүгінгі таңда шетелдік жоғарғы оқу орындарында білім алатын, академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша оқитын, біліктілікті көтеру бағдарламасы бойынша, «Болашақ» бағдарламасы бойынша шетелде оқитын Қазақстандық студенттердің жалпы саны 45 мыңнан аса адамды құрайды. Студенттердің және қызметшілердің жаппай шетелге оқуға жіберілуі, мемлекетаралық студенттік алмасуға және миграциондық процестерге байланысты мәдениаралық бейімделу тақырыбына қызығушылық өткен ғасырдың 50 жылдарынан басталды. Миграциондық процесстер одан да көп адам санына әсер еткендіктен, соңғы жылдары бұл тақырыпты зерттеуге деген мұқтаждық екі есе асты. Қазіргі мемлекетаралық саясат және дүниежүзілік білім кеңістігі көптеген біздің азаматтарға шетелде оқып, жұмыс істеуге және шетел азаматтарын Қазақстанда қабылдауға мүмкіндік береді.

Түйін сөздер. Бейімделудің психологиялық ерекшеліктері, әлеуметтік-мәдени орта, академиялық ұтқырлық, шетелдік студент, аккультурация, мәдени шок.

Студенттердің басқа мемлекеттің әлеуметтік-мәдени ортасына бейімделу мәселесін зерттеу қазіргі заманда жоғарғы білімді дамытудың өзекті және маңызды мүмкіндіктерінен көрінеді. Бүгінгі таңда шетелдік жоғарғы оқу орындарында білім алатын, академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша оқитын, біліктілікті көтеру бағдарламасы бойынша, «Болашақ» бағдарламасы бойынша шетелде оқитын Қазақстандық студенттердің жалпы саны 45 мыңнан аса адамды құрайды.

Студенттердің және қызметшілердің жаппай шетелге оқуға жіберілуі, мемлекетаралық студенттік алмасуға және миграциондық процестерге байланысты мәдениаралық бейімделу тақырыбына қызығушылық өткен ғасырдың 50 жылдарынан басталды. Миграциондық

процесстер одан да көп адам санына әсер еткендіктен, соңғы жылдары бұл тақырыпты зерттеуге деген мұқтаждық екі есе асты (Т. Стефаненко). Қазіргі мемлекетаралық саясат және дүниежүзілік білім кеңістігі көптеген біздің азаматтарға шетелде оқып, жұмыс істеуге және шетел азаматтарын Қазақстанда қабылдауға мүмкіндік береді.

Жаңа әлеуметтік-мәдени ортаға бейімделу процесі «мәдени шок» және «аккультурация» деп аталынатын невротикалық және психосоматикалық бұзылулар, мінез-құлықтағы ауытқушылықтар мен ностальгия және т.б. проблемаларға әкелуі мүмкін. Бұл бағыттағы зерттеулер көбінесе мигранттар мен оралмандарға жүргізілгенімен, жоғары аталған психологиялық проблемалар шетелде болған қысқаша сапарларда да пайда болуы мүмкін (Дж. Берри, В.В. Гриценко, Т. Стефаненко). Сондықтан әлеуметтік-мәдени ортаға бейімделу зерттеулерін тек қана оралмандарға ғана емес, оқуға барған студенттерге де жүргізген жөн.

Мәдениаралық бейімделуді зерттеу динамикалық түрде өзгеріп жатқан қоғамдағы әлеуметтік-психологиялық процесстермен байланысты. Жаңа әлеуметтік-мәдени ортаға «кіру» адамның сана-сезімінде әлеуметтік стереотиптер, құндылықтар жүйесінің өзгеруі, бірегейлік дағдарысы сияқты процесстердің өзгеруімен сипатталады (Г.М. Андреева, Н.М. Лебедева, Т.Г. Стефаненко). Сол себепті жаңа мәдени және этникалық ортаға бірегейлік трансформациясы мен дағдарысы көптеген психологтардың зейінін өзіне аудартуда. Ресей психологтарының әлеуметтік-психологиялық бейімделу мәселесін зерттеуге байланысты әр түрлі тәсілдерін көрсетуге болады (В.В. Гриценко, Л.М. Дробижеева, Л.В. Ключникова, Г.У. Солдатова, Т.Г. Стефаненко) сонымен қатар, бірегейлік дағдарысы мен этникалық бірегейлік жағдайларында да бірнеше тәсілдерін атап кеткен жөн (Н.Л. Иванова, Н.А. Климов, Н.М. Лебедева, В.Н. Павленко, А.Н. Татарко) [1,25].

Әлеуметтік-мәдени ортада бейімделудің психологиялық ерекшеліктері мәселесін зерттеуде әлеуметтік және этникалық психологиясы бойынша келесі Қазақстандық зерттеушілердің еңбектері өте маңызды орын алады: Қ.Б. Жарықбаев, С.М. Жақыпов, Н.К. Тоқсанбаева, С.В. Агеева, А.Х. Аймағамбетова, А.Х. Кукубаева, А.О. Шоманбаева, З.М. Балғынбаева, З.Б. Мадалиева және т.б.

И.О. Кривцова жүргізген зерттеуі бойынша, шетел студенттердің бейімделуінің психологиялық ерекшеліктері көптеген факторлармен тығыз байланысты: психофизиологиялық, оқу-танымдық, әлеуметтік-мәдени, тұрмыстық. Психологиялық бейімделу жеке-индивидуалды процесс болғандықтан, осы факторлардың қайсысы басты рөл атқаратынын анықтау қиын. Сол себепті, шетелдік студенттердің бейімделуі ұйымдасқан, комплексті және мақсатталған процесс болуы тиіс [2,68].

Н.А. Жерлицинаның жүргізген сауалнамасы бойынша шетел студенттердің жаңа ортада әлеуметтік-бейімделу проблемалардың таралғаны – респонденттердің 10% ешқандай проблемаларға тап болмағанын белгілейді. М.И. Витковская мен И.В. Троцук зерттеулері бойынша шет мемлекетте студенттердің 37% ауа-райына, 37% басқа өмір-салтына, 45% жатақханадағы өмірге, 47% туысқандардың жоқтығына үйрене алмайды. Жоғарыда айтылып кеткен қиыншылықтардың барлығы респонденттердің 49% кездескен (Витковская, Троцук, 2004). Сонымен, студенттердің басқа мемлекетте біраз қиыншылықтарға тап болатыны және психологиялық көмек пен қолдауда қажеті бар екені айқын көрінеді [3, 2-6].

Студенттердің жаңа ортаға психологиялық бейімделуі өзінің тобындағы студенттерге үйрену, ресми және жеке достық қарым-қатынасты құруды қамтиды. Бұл бейімделу түрінің маңызды аспектісі оқытушылар мен әкімшілік қызметкерлермен жақсы қарым-қатынас құру.

Студенттік кезеңнің психологиялық-жастық ерекшеліктері эмоцияналдылық деңгейдің ретсіздігі, ашықтық, тым сенгіштік және өзін-өзі қоғамда жетілдіруге талпыну болып табылады. Осы кезеңде студенттерге қоршаған ортаның қолдауы қажет.

Оқытушы мен студент арасында тұлға аралық қарым-қатынас пен өзара түсінушілікті ұйымдастыру – шетелдік студенттердің жаңа әлеуметтік-мәдени, оқу-танымдық ортада табысты психологиялық бейімделуінің алғы шарты. Шетелдік студенттің мәдениетаралық қарым-қатынасқа қосылуы да әсер етеді.

Студенттердің бейімделу ортасы ретінде – құрылымдық және функционалдық компоненттермен сипатталатын, университеттің жалпы білім беру жүйесі. Адаптивтік жағдайдың жаңалылығы оның әрекет ету қызметі мен студент түскен жағдайға байланысты. Егер осы ережені жақынырақ қарастырсақ, онда келесі аспектілерді қарастыруға тура келеді: студенттің мақсаттарының жаңалығы; оқу-әдістемелік жұмыс шеңберінде өтетін іс-шараның жаңалығы, университеттің оқу үдерісі; оның ең жақын әлеуметтік ортасының жаңалығы [4,198].

Студенттің бейімделуінің басталуы университеттің кеңістігіне және мамандығына енуімен байланысты. Сол себепті, университетте оқудың ең бірінші айларында студент үшін жеке коммуникативті кеңістікті (индивидуальное коммуникативное пространство) құрастыру керек.

Білім беру ұжымы, бір жағынан, оқытушылар мен эдвайзерлердің саналы және де мақсатты әсерлерінің объектісі ретінде, екінші жағынан, оқу тобы - ерекше әлеуметтік және психологиялық заңдылықтарға бағынатын, тәуелсіз дамитын құбылыс.

Топтағы әрбір студент ережелерді, мінез-құлық нормаларын белгілеуге қатысады. Топтың әрбір мүшесі өзінің қабілеттерін іске асыруға, курстастармен қарым-қатынас жасап, олардың құрметіне ие болуға мүмкіндігі бар.

Студенттердің университетте әлеуметтендіру процесі кезінде референттік топ (мысалы, жоғары курс студенттері) үлкен әсер етеді. Әр түрлі факультеттердің студенттері қалған қоғам бөлігінде көрініс табатын, белгілі бір белгілері бар топтарды құрайды. Білім алушылар студенттік топты құру барысында көз алдында кішігірім топшықтарға айналады. Әр студент үшін оның қай топқа түскені үлкен әсер етеді.

Студенттердің жаңа өмір салтына бейімделу процесін жеңілдету, оқу процесінің бастапқы этапында пайда болатын психикалық қалыптар мен психикалық ерекшеліктер, сонымен қатар, бұл процесті жақсарту үшін психикалық және педагогикалық жағдайларды зерттеу ең маңызды міндеттердің бірі болып табылады.

Оқу процесіне студенттер мен білім алушылардың бейімделу табыстылығы психофизиологиялық даму, эмоционалды және зияткерлік өзін-өзі реттеу, кейбір жеке қасиеттерін өтеу қабілеттілігіне байланысты.

Студенттердің университеттік білімге бейімделуі көп деңгейлі әлеуметтік-психологиялық бейімделудің құрамдас элементтерін қамтитын процесс және студенттердің интеллектуалдық жеке қабілеттерін дамытуға ықпал етеді.

Толыққанды психологиялық бейімделу 3 кезеңді қамтиды:

1. жаңа оқу орнымен танысу, студенттің құқықтары мен міндеттері және оқу басталуын зерттеу;
2. оқу орнының ережелері мен нормаларын жетілдіру және сапалы зерттеу;
3. оқу процесін саналы және шығармашылық түрде жақсарту.

Бірінші кезең әдетте 7-15 күндей уақытты алады, екіншісі 6-12 ай, ал үшінші кезең 1-2 жылдан кейін басталады. Көрсетілген уақыт өте жеке индивидуалды болып келеді, сол себепті олар әр адамға байланысты қысқарып та ұзартылуы мүмкін.

Т.И. Попова бірінші курс студенті мен оқу тобының университеттің жаңа әлеуметтік-мәдени ортаға бейімделуінде келесі кезеңдерді көрсетеді:

- бастапқы кезең, индивид немесе топ оларға жаңа әлеуметтік ортаға өзін-өзі қалай ұстау керек екендігін саналы түрде біледі, бірақ олар әлі күнге дейін ЖОО ортасының құндылықтар жүйесін тануға және қабылдауға дайын емес, сол себепті ескі құндылықтар жүйесін әлі күнге дейін ұстанады;

- жеке адам, топ және жаңа орта өзара қарым-қатынаста болған кездегі бір-бірінің мінез-құлық үлгілері мен құндылықтар жүйесіне деген толеранттылық кезеңі;
- аккомодация, яғни, индивидтің басқа индивидтердің, жаңа әлеуметтік-мәдени ортадағы топтың құндылықтар жүйесін қабылдаумен қатар, жаңа ортаның құндылықтар жүйесі мен нормалардың басты элементтерін танып, қабылдауы;
- ассимиляция; жеке тұлғаның, топтың және құндылық жүйелерінің қоршаған ортаға толық сәйкестігі.

Психологиялық бейімделудің нәтижелері бейімделудің келесі әр түрлі дәрежелерінде көрініс табады:

- психологиялық сәйкестендіру - барлық нормаларды ішкі қабылдау және оқу орнында бар талаптар; олардың мүмкіндіктерін толығымен қосу білім беру қызметінде, студенттік топ ұжымының өмірінде;
- Оқу іс-әрекеттеріне бейімделу - негізгі стандарттарға сыртқы сәйкестігі білім беру мекемесінің талаптары (проблемаларды болдырмау үшін), бейімделу, ішкі тәртіппен білім беру қызметінің нормалары (ресми және бейресми) олардың бір бөлігін қабылдамау; оқу үдерісіне олардың мүмкіндіктерін толық емес қосу мамандық алу;
- психологиялық бұзу - мүдделердің толық ішкі қабылданбауы, білім беру мекемесінің тапсырмалары мен талаптары оларды асырап алудың сыртқы көрінісін көрсетеді [5, 159-6].

Шетел студенттерін университетке жылдам бейімделуінің алғышарты - бұл олардың өздерінің қабілеттерін және дағдыларын меңгеруді болжайтын қасиеттерін дамыту, өздерінің эмоционалдық ресурстарын іске асыру, үздіксіз және қарқынды жақсартуға, жанартуға және дамуға т.б. деген талпыныс. Студенттің университет қоғамына кіруіне ең аз шығындар және оның талаптарына тез бейімделуіне көмектесу міндеттерінің бірі - студенттерге әлеуметтік-психологиялық қолдау көрсету.

Студенттің жақсы бейімделуі үшін әр студентке деген индивидуалды тәсіл қажет. Бейімделуде ең бастысы – студенттің жеке тұлғасы, оның қабілеттері, жаңа жағдайларға бейімделуге деген қалауы мен талпынысы. Сонымен қатар, студенттің өзіндік шығармашылық мүмкіндіктері де үлкен рөл атқарады. Осылайша, біз әлеуметтік-психологиялық бейімделу деп, студенттердің жаңа өмір жағдайына, жаңа әлеуметтік жағдайға бейімделу процесін түсінеміз. Ең алдымен, бұл студенттердің өз тобына үйреніп, олармен іскерлік және жеке қайырымды қарым-қатынас орнату, олардың жеке тұлғасын тану және осылайша топта өзін-өзі растау [6,87].

Студенттердің қиындықтарын және оларды жеңу жолдарын анықтау студенттердің академиялық белсенділігін арттыруға, академиялық көрсеткіштер мен білім сапасын арттыруға мүмкіндік береді. Бейімделу процесі кезінде жеке бейімдік әлеуетін іске асырудың нәтижесінде, адамның белгілі бір күйіне қол жеткізіледі. Оны бейімділік деп те атауға болады.

Студенттердің мәдениетаралық бейімделуі – бұл студенттердің университеттік ортамен өзара әрекеттесу түрі, өздерінің мүмкіндіктері мен қоршаған ортаның шынайылығы бар субъектілердің талаптары мен үміттері жүзеге асырылады. Міндетті түрде айта кету керек, екі тарап бір-біріне белсенді түрде әсер етеді, сондықтан бейімдеу механизмі бір уақытта бейімделгіш және бейімдегіш болып табылады.

Мәдениаралық интеграция тұжырымдамасы әр түрлі мәдениет өкілдерінің әлеуметтік-мәдени өзара әрекеттесу мен өзара қарым-қатынастарды қамтамасыз етуі, әлеуметтік жүйе мен бейімделудің теңгерімі.

Шетел студентінің университеттің әлеуметтік-мәдени ортасына бейімделу критерийлері ретінде, келесілерді көрсетуге тура келеді:

- қоршаған ортаның жағдайын бағалау мүмкіндігі; өзінді басқара білу қабілеті;
- қажетті деңгейге сәйкес құзыретті игеру;
- көпұлтты студенттік топпен қоғамдастық туралы хабардар болу [7,236].

Шетел студенттерінің оқуы ұлтаралық оқу топтарында жүзеге асырылады, сонымен қатар басқа мәдениет өкілдерімен қарым-қатынас пен күнделікті оқу іс-әрекеті студенттің тұлғасының қалыптасуына әсерін тигізеді.

Оқу тобына бейімделу келесі екі кезеңнен тұрады:

1. Топтық нормаларды, мақсаттар мен құндылықтарды интернационалдандыру;
2. Топтың талаптары мен үміттерін сақтау.

Шетел студенттердің тұлғалық бағдарлануы оқу процесі кезінде бейімделу процесінің жағымды жүруі үшін жеке тұлғалық және қоғамдық мотивтердің сабақтасуы көрініс табады. Шетел студенттердің бейімделу процесінің оң векторы мен мәдениетаралық интеграциясы бірқатар кәсіби іс-шаралармен бірге жүреді. Студенттердің бейімделуінің басты кезеңінде таным процестерінің негізгі қасиеттері өзгеріп, тұрақтанады: ес, ойлау, зейін. Бұл үдерістердің деңгейін өзгерту, оларды белгілі бір тұрақтыққа келтіру - жаңа өмірге бейімделуді сипаттайтын көрсеткіштердің бірі болып табылады.

Оқу процесі кезінде коммуникативті іс-әрекеттерді жүзеге асыру барысында оқу процесінде вербалды және вербалды емес дағдылар, вербалды емес мінез-құлық дағдылары қолданылады. Ең маңыздысы - білім берудегі теңдік қатынастарын орнату мүмкіндігі, яғни, диалог кезінде бақса біреуді тыңдауға қабілетті болу, оңтайлы бола алу, басқа адамдармен қарым-қатынаста байланыс орнату.

Қазақстанның ЖОО-нда жоғары білімді табысты игеру шетел студенттері үшін жергілікті студенттермен қаншалықты қатынасқа түсетініне де байланысты. Мәдениетаралық қарым-қатынас, оқу процесінің қажетті шарты ретінде, студенттің даму және қызметте табысқа жету факторы ретінде, оның барлық салаларына әсерін тигізеді.

Дегенмен, шетелдік студенттердің коммуникативтік мінез-құлқын жеке ерекшеліктеріне сүйене отырып қарайтын болсақ, тұлғааралық процестер, темперамент сипаттамасынан басқаша түрде қалыптасады. Студенттердің коммуникативтік дағдылары кәсіби проблемаларды шешу үшін қажет: білім байланыстың негізгі түрлері; бір-бірінің халқының қабылдауы және түсіну заңдары (ұсыныс, сендіру, имитация); байланысқа қатысушылардың ықтимал ұстанымдары.

Шетел студенттерінің бейімдеу үрдісінің моделін жүзеге асыру фактіге байланысты, мәдениетаралық қарым-қатынаста пайда болатын қиындықтардың қалай шешілетіні келесілерге байланысты болуы мүмкін: басқа адамға оң көзқарас, категориялық бағалау, педагогикалық қарым-қатынас; басқа көзқарастарды, ұстанымдарды қабылдамау, сенімсіздік, белсенділіктің болмауы.

Шетел студенттердің интеграциялау мәселесін шешу білім беру кеңістігінің «қанықтылығын» денсаулыққа деген көзқарас пен қатынастарды жеңу ретінде коммуникативтік толеранттылық мысалдармен қамтамасыз етуде.

Шетел студенттердің Қазақстан білім беру орындарына бейімдеу мен интеграциялау процесі - жеке тәжірибе және жаңадан шығу жолдары туралы идеяларды негізге алады, мәдениет және педагогикалық деңгейде ұйымдастырылған іс-әрекеттер туралы ақпаратпен қамтамасыз ететін динамикалық жүйе болып табылады.

Нәтиженің жетістігі мәдениетаралық қарым-қатынасты болашақ маманның талаптарын меңгерудің сәті ретінде қолдану қажеттілігіне байланысты: идеологиялық, моральдық және кәсіби.

Шетелдік мәдениетаралық бейімделу мен интеграцияның оң векторы университеттің білім беру ортасындағы студенттерді іске асыру кезінде келесі іс-шаралар арқылы анықтауға болады:

1. мәдени соққыны (мәдени шок) жеңу үшін университеттегі оқу процесі кезінде тренингтер жүргізілуі тиіс;
2. шетел студенттердің құқықтары бойынша сенім телефондары;

3. шетел студенттерге арналған қорғау және кемсітушілік бойынша семинарлар мен тренингтер;

4. жаңартылған ақпараттық және оқу материалдары [8,125].

Мәдениетаралық бейімделу мен интеграция әдістері шетел студенттеріне басқа мәдениеттің ерекшеліктерін танып білуге және жағымды бейімделу процесіне әкелетін, басқа мәдениет өкілдеріне позитивті қатынас құруға мүмкіндік береді.

Мәдениетаралық бейімделу және интеграциялау жүйесі шетел студентінің мәдени байланыстарды жетілдірудің сыртқы және ішкі байланыстар процесі мен нәтижесін көрсетеді.

Студенттердің ЖОО-дағы бейімделу үдерістерін және мәдениетаралық интеграциясын басқару - бұл бірнеше кезеңдерден тұратын, кешенді көп деңгейлі міндет:

1. жедел және коммуникативті - лингвистикалық аппаратты меңгеру, кәсіби маңызды ақпаратты игеру; жағдайды бағалау қабілеті, қоршаған ортаға және олардың мәдениетаралық ортасында олардың мінез-құлқын бақылау;

2. мотивациялық - тәуелсіздікке ұмтылу, кешенді игеруге деген ұмтылыс, болашақ мамандыққа қатысты құзыреттілік;

3. танымдық - оқу мақсаттары мен міндеттерін түсіну және олардың өзара қарым-қатынасы, кәсіби қызмет;

4. білім беру және кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру.

Қазіргі таңда Қазақстандық зерттеушілер бейімделу мәселесін жеткілікті зерттегенімен де, ғалымдардың зерттеулері тек қана теориялық құрылымын немесе бейімделу мәселесінің практикалық аспектілерін ғана қамтыған. Келесі тақырыптардың нашар зерттелуі аса айқын көрінеді: әр түрлі мәдени элементтердің бейімделу процесіне әсері; бейімделу процесінің әсерінен құндылықтар мен сәйкестілік құрылымының өзгеруі; шетел тілін оқу арқылы басқа мәдениет өкілдерінде толеранттылық сезімін ояту; көптілді орта жағдайларында халықаралық байланыс дамуының психологиялық аспектілері. Бұл мәселелер ғылыми білім саясатында бейімделу процесінің маңыздылығын және шет тілін меңгеру барысында әлеуметтік сәйкестіліктің түрлендіруін білдіреді.

Әдебиеттер тізімі

1. Мельник С.Н. Психология личности / С.Н. Мельникова. – Владивосток, 2004. – 99 с.
2. Зимняя И.А. Педагогическая психология. – Ростов-на-Дону, 1997. – 384 с.
3. Максимчук Е.Д. Особенности межкультурной адаптации иностранных студентов и обоснование выбора методик для ее исследования // Вестник ЮУрГУ. Серия «Психология».2014, №1 – 2-6 с.
4. Иванова М.И., Черемнов А.В. О профессиональной адаптации студентов // Проблемы педагогики высшей школы в свете постановления ЦК КПСС и Совета Министров СССР «О мерах по дальнейшему совершенствованию высшего образования в стране». – М., 1973. – С. 171-176.
5. Трофимова, Н.М. Основы специальной психологии и педагогики / Н.М. Трофимова. – СПб. : Питер, 2005. – 159 с.
6. Руденский Е.В. Социальная психология: Курс лекций. М.: ИНФРА-М; Новосибирск,1998. 224 с.
7. Журавлев А.Л., Соснин В.А., Красников М.О. Социальная психология: Учебное пособие. М.: ФОРУМ: ИНФРА-М., 2006. 416 с. С.91. С.98-99.
8. Сухов А.Н.,Бодалев А.А,Казанцев В.Н. и др. Социальная психология:Учеб. пособие для студ. высш. учеб. заведений. М.: Издательский центр «Академия», 2003. - 600 с. С. 44

Г.М. Карибаева, А.Е. Еркен

Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Предпосылки быстрой адаптации студентов к социально-культурной среде другой страны

Аннотация. Изучение проблемы адаптации студентов к социокультурной среде другого государства отражено в реальных и важных возможностях развития высшего образования в современном мире. Сегодня общее число казахстанских студентов, обучающихся за рубежом через программу «Болашак», составляет более 45 000 человек, студентов-магистрантов, обучающихся в зарубежных университетах, по учебной программе академической мобильности. Интерес студентов и сотрудников к обучению за рубежом, межгосударственный обмен студентами и межкультурная адаптация, связанные с миграционными процессами, начались в 50-х годах прошлого века. Поскольку миграционные процессы затронули больше людей, в последние годы потребность в исследованиях удвоилась. Современная межгосударственная политика и глобальное образовательное пространство позволяют многим нашим гражданам учиться и работать за рубежом и принимать иностранцев в Казахстане.

Ключевые слова. психологические особенности адаптации, социально-культурная среда, академическая мобильность, иностранный студент, аккультурация, культурный шок.

G.M. Karibayeva, A.Y. Yerken

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

Prerequisites for the rapid adaptation of students to the socio-cultural environment of another country

Abstract. The article is devoted to the study of psychological features of student's adaptation to a new socio-cultural environment of another country. The author attempts to analyze the factors affecting the success and duration of psychological adaptation. The author concludes that a success of student's adaptation to the new socio-cultural environment depends not so much on the time of stay in the country, as on personal characteristics of a respondent. The high level of adaptation is achieved through communicative competence, active life position, readiness to accept norms and rules of the new environment, positive attitude, belief in one's own power. Today, the total number of Kazakhstani students studying abroad through the "Bolashak" program is more than 45,000 people, undergraduates studying at foreign universities, under the academic mobility program. Modern interstate politics and global educational space allow many of its citizens to study and work abroad and receive foreigners in Kazakhstan.

Keywords. psychological features of adaptation, socio-cultural environment, academic mobility, foreign student, acculturation, cultural shock.

References

1. Melnik, S.N. *Psikhologiya lichnosti [Psychology of personality]*/ S.N. Melnikova. Vladivostok, 2004. – p.p. 99.
2. Zimnyaya I.A. *Pedagogicheskaya psikhologiya [Pedagogical psychology]* Rostov-na-Donu, 1997. pp. 384.
3. Maksimchuk Y.D. *Osobnosti mezhkul'turnoy adaptatsii inostrannykh studentov i obosnovaniye vybora metodik dlya yeye issledovaniya [Peculiarities of intercultural adaptation of foreign students and justification of the choice of methods for its study]*, Vestnik YUUrGu. Seriya «Psikhologiya». [Psychology] (1) 2-6(2014).
4. Ivanova M.I., Cheremnov A.V. *O professional'noy adaptatsii studentov // Problemy pedagogiki vysshey shkoly v svete postanovleniya TSK KPSS i Soveta Ministrov SSSR «O merakh po dal'neyshemu sovershenstvovaniyu vysshego obrazovaniya v strane» [On the professional adaptation of students / / Problems of pedagogy of higher education in the light of the resolution of the Central Committee of the CPSU and the Council of Ministers of the USSR "On measures to further improve higher education in the country."]* М., 1973. – p.p. 171-176.
5. Trofimova, N.M. *Osnovy spetsial'noy psikhologii i pedagogiki [Fundamentals of special psychology and pedagogy]*/ N.M. Trofimova. (Piter, SPb 2005, pp. 159).

6. Rudenskiy Ye.V. Sotsial'naya psikhologiya Kurs lektsiy. [Social psychology – course of lecturers] M.: INFRA-M; Novosibirsk, 1998. p. 224.
7. Zhuravlev A.L., Sosnin V.A., Krasnikov M.O. Sotsial'naya psikhologiya [Social psychology] M.: FORUM: INFRA-M., 2006. p.p. 98-99.
8. Sukhov A.N., Bodalev A.A., Kazantsev V.N. i dr. Sotsial'naya psikhologiya [Social psychology] Ucheb. posobiye dlya stud. vyssh. ucheb. zavedeniya. [Proc. allowance for stud. supreme. training. institutions] M.: Izdatel'skiy tsentr «Academy», 2003. - p. 44

Сведения об авторах:

Карибаева Г.М. – психология ғылымдарының кандидаты, профессор м.а., Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Янушкевича көшесі 6, Астана, Қазақстан.

Еркен А.Е. – психология мамандығының магистранты, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Янушкевича көшесі 6, Астана, Қазақстан.

Karibayeva G.M. – Candidate of psychological sciences, acting professor, Eurasian national university named by L.N. Gumilyov, Yanushkevicha 6, Astana, Kazakhstan,

Yerken A.Y. – master student in psychology, Eurasian national university named by L.N. Gumilyov, Yanushkevicha 6, Astana, Kazakhstan

МРНТИ 15.31.31.

Б.Ш. Каримбаева

Университет «Туран-Астана», Астана, Казахстан

(E-mail: karimbayeva@mail.ru)

Опыт применения проективной методики «Я расту, а мне мешают»

Аннотация. В данной статье подробно описывается опыт применения проективной методики «Я расту, а мне мешают» на испытуемых в возрасте от 15 до 18 лет среди учащихся 10-11 классов школы и студентов 1 курса колледжа. Статья содержит инструкцию по использованию методики как психодиагностического теста и примеры краткой интерпретации рисунков испытуемых. Данную методику могут использовать психологи с целью диагностики психологических проблем подрастающего поколения, а также для психопрофилактики аутодеструктивного поведения обучающихся. В статье изложено, что в результате исследования, выявлены различные проблемы, препятствующие развитию личности, среди них негативное влияние общества, семейного воспитания, сверстников, проблемы психологического здоровья, ограничение личного пространства. Автор утверждает, что своевременное выявление проблем обучающихся поможет вовремя оказать психологическую помощь и поддержку, а значит, предотвратить необратимые последствия.

Ключевые слова. проективная методика «Я расту, а мне мешают», психологические проблемы обучающихся, влияние общества, влияние семейного воспитания, интерпретация рисунков.

В мировой психологической практике среди диагностических средств проективные методики стоят на первом месте. К ним относятся тесты «Рисунок семьи», «Дом-дерево-человек», «Несуществующее животное» и т.п. Рисунки позволяют изучить процессы, неосознаваемые человеком, оценить психологическое состояние и понять его отношение к различным сторонам действительности. [1]

Информативность проективных методик бесспорна. Однако, существующие методики не удовлетворяют весь спектр запросов психологов, поэтому расширение диапазона психодиагностических методик и создание новых проективных тестов продиктовано временем.

Так, в Костромском Государственном университете им. Н.А.Некрасова (Россия) группа психологов во главе с Н.П.Фетискиным (доктор психологических наук, профессор, заведующий кафедрой общей психологии) разработала проективную методику «Я расту, а мне мешают». На рисунке необходимо изобразить принцип роста и принцип препятствия